«ЭКОСЕРВИС-С» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Алматы облысындағы «Азиялық Газқұбыры» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Шелек» №7-ші компрессорлық станциясына (КС-7) арналған «Қалдықтарды басқару бағдарламасын» әзірледі.

Компрессорлық станциясының (бұдан әрі – КС-7) II санаттағы нысан ретінде Қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ) Қазақстан Республикасының қолданыстағы экологиялық заңнамасының талаптарына және өндірістік және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу саласындағы ҚР нормативтік құқықтық актілерінің негізінде әзірленді. Компрессорлық станцияның қазіргі кезде Қалдықтарды басқару бағдарламасына жасалған қолданыстағы бағдарламасы бар, сол бағдарламаға өзгертулер енгізіліп отыр, сол себепті жоба қайта әзірленіп, қайтадан мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткелі отыр. Осыған байланысты Экологиялық Кодекстің 96-бабына және Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес Мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыру процесінде қоғамдық тыңдауларды өткізу міндетті болып табылады.

#### Жалпы мәліметтер

«Қазақстан - Қытай» магистралды газқұбырымен түрікмен және өзбек газының Қытай Халық Республикасы бағытында транзитін қамтамасыз етеді және қазақ газын Қытай Халық Республикасына экспортын жүзеге асырады. Сонымен қатар магистральды газқұбыры еліміздің оңтүстік аймақтарын (Түркістан, Жамбыл, Алматы және Жетысу облыстарын) газбен қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының (ҚР) аумағындағы газқұбырының ұзындығы 1300 шақырымнан астам. Түркменстан, Өзбекстан, Қазақстан және Қытай арқылы өтетін магистральды газқұбырының ұзындығы 7500 шақырымды құрайды. Газқұбыры республиканың төрт әкімшілік облыстары арқылы өтеді:

- ❖ Түркістан облысы - 394,5 км (шақырым) (0-394,5);
- ❖ Жамбыл облысы - 476,1 км (394,5-870,6);
- ❖ Алматы облысы - 368,53 км (870,6-1239,13);
- ❖ Жетысу облысы - 66,71 км (1239,13-1305,84).

Магистральды газқұбыры паралельді жатқан 3 желіден тұрады, олар - А, В, С, желілері.

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша газқұбырының ұзындығы “А” және “В” желілері үшін 2 612 км, “С” желісі үшін 1 304 км құрайды.

Газқұбырының газды тасмалдау қабілеті жылына 55 млрд текше метрді (оның ішінде А және В желілері - 30 млрд м<sup>3</sup>, С желісі- 25 млрд м<sup>3</sup>) құрайды.

«Қазақстан–Қытай» магистральдық газқұбыры арқылы табиғи газды тасымалдау көлемі, жылына:

Жыл	Өлшем бірліктері	Газды тасымалдау
<b>2022-2024 жылдардағы тасымалданған газдың нақты көлемі</b>		
<b>2022</b>	мың текше м.	45 934 555,45
<b>2023</b>	мың текше м.	43 975 320,67
<b>2024</b>	мың текше м.	45 007 101,73
<b>2025-2027 жылдарға арналған тасмалданатын газдың жоспарланған көлемі</b>		
<b>2025-2027</b>	мың текше м.	45 007 101,73

№7-ші Компрессорлық станциясының негізгі мақсаты - газ құбыры арқылы тасымалданатын газдың қысымын арттыру (сығымдау) және тасмалданатын газды механикалық қоспалардан, шаңнан және ылғалдан тазарту.

### **Компрессорлық станцияның орналасқан жері**

Қазақстан-Қытай магистральды газқұбырының №7-ші компрессорлық станциясы (қысқаша КС-7) газқұбырының 1108 шақырымында орналасқан.

Әкімшілік жағынан №7-ші компрессорлық станция Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында Шелек ауылынан шығысқа қарай шамамен 3 шақырымда және Масак (Қазтай Ұлтарқов) ауылынан солтүстікке қарай 1 шақырым жерде орналасқан.

### **№ 7-ші Компрессорлық станциясы 2 алаңнан тұрады:**

➤ *№1 өнеркәсіп алаңында: Өндірістік нысан болып табылатын компрессорлық станция орналасқан.*

➤ *№ 2 алаңында – Газ тасмалдау басқармасы және құрамына буландырғыш тоғандар, тұрмыстық ағынды суларды тазарту құрылғылары кіретін жумысшылар тұратын вахталық қалашық орналасқан.*

### **№ 1 алаң - Компрессорлық станцияның қысқаша сипаттамасы**

Газды сығымдау «Rolls-Royce» фирмасы өндірісінің қуаты 29,53 МВт-ық газ айдау агрегаттарының компрессорларында жүзеге асырылады.

Газды айдау агрегаттары жеке ғимараттарда орнатылған, сондай-ақ оның жұмыс істеуін қамтамасыз ететін мынадай жүйелерді, қондырғылар мен құрылыстарды қамтиды:

- Магистральды газ құбырына қосылу түйіні;
- газды тазарту қондырғысы (сүзгілер-сепараторлар-6 дана, 1 – резервте);
- газды ауамен салқындату қондырғылары - 6 секция;
- майды ауамен салқындату қондырғылары (АСА майы)
- өз қажеттіліктері үшін қолданылатын газды дайындау торабы (газды отын ретінде пайдаланылатын қондырғылар: электр станциясының газ генераторлары (ЭСН), жылумен және ыстық сумен қамтамасыз ететін қазандықтар).
- өндірістік-энергетикалық блок (№1-3 ГПЭС);
- қосалқы қондырғылар мен құрылыстар (әкімшілік-тұрмыстық корпус операторлық, ресивері бар ауа компрессорлық станциясы, газды өрт сөндіру станциясы, өрт сорғы станциясы, кәдеге жарату қазандықтары-2, өрт резервуары және қойма үй-жайы және т.б.).

### **Технологиялық процесстердің қысқаша сипаттамасы**

**Газды тазарту қондырғысы.** Газ станцияға қосылу торабы арқылы газ құбырымен келеді және одан әрі тасмалдау газ құбырлары арқылы тазалау блогына беріледі. Компрессорлық станцияда газды екі сатылы тазалау қарастырылған. Бірінші сатысы - циклонды шаң ұстағыштар және екінші сатысы сүзгі-сеператорларда жүзеге асырылады. Газды тазалау блогы табиғи газды механикалық қоспалардан, шаңнан және ылғалдан тазартуға арналған.

### **Газ айдау агрегаттары.**

Газ тазалау торабынан шыққан тазартылған газ газқұбыры арқылы әрқайсысының қуаты 29,53 Мегаваттан тұратын «Rolls-Royce» фирмасының 4 газды сығымдау агрегаттарына (ГПА) беріледі. Газ сығымдау агрегаттары жеке ғимараттарда – компрессорлық цехтарда орналасқан.

Компрессорларда қысымы арттырылған тасмалданатын газ, газқұбыры арқылы газды ауамен салқындату аппараттарына (газды АСА) беріледі.

**Газды ауамен салқындату қондырғысы.** Газды салқындату қондырғысы газды сығымдау қондырғысынан шыққан газдың температурасын төмендету үшін қолданылады.

Компрессорлық цехтарда қысымы 9,8МПа, температурасы 60 °С дейін көтерілген тасмалданатын газ шығу коллекторлары арқылы келіп, қабылдау коллекторлары арқылы ауамен салқындату қондырғысына беріледі. Салқындатылған газ ары қарай қайтадан магистральды газқұбырына жіберіледі.

### **№2 алаң - Вахталық қалашық**

**Газды тасмалдау басқармасы және вахталық қалашық** компрессорлық станциядан (КС-7) 800 м қашықтықта орналасқан.

**Газды тасмалдау басқармасы** аумағында: әкімшілік тұрмыстық құрылыс, материалдық қойма, механикалық жөндеу шеберханасы, автожанармай құю станциясы, автокөлік жуу алаңы, автокөлікке арналған гараж, арнайы техника мен жеңіл автокөлікке арналған ашық тұрақтар орналасқан.

**Вахталық қалашықтың аумағында:** әкімшілік-тұрмыстық корпус, тұрғын үй блоктары, жылу пункті, асхана, 2 автокөлікке арналған өрт сөндіру депосы, сумен жабдықтау сорғы станциясы, су дайындау жүйесі, тұрмыстық сарқынды суларды тазарту құрылыстары, су ұңғымалары орналасқан. Вахталық қалашықтың солтүстігінде 2 тоғаннан тұратын буландырғыш тоғандар және тұрмыстық сарқынды суларды тазарту қондырғылары орналасқан.

### **ҚАТТЫ-ТҰРМЫСТЫҚ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ҚАЛДЫҚТАР**

Компрессорлық станцияның өндірістік қызметінің нәтижесінде қатты-тұрмыстық және өндірістік қалдықтар түзіледі.

**Өндірістік және тұтыну қалдықтарының негізгі түзілу көздері келесі жұмыс түрлері болып табылады:**

- ❖ **Негізгі және қосалқы технологиялық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету** (газды сығымдау агрегаттары, газ және дизель электр станциялары, компрессорлық, тазарту қондырғылары және т.б.), бұл жұмыстар барысында

техникалық майларды, салқындатқыш сұйықтықтарды, сүзгі элементтерін, қуат көздерін және басқа да шығын материалдарын ауыстыру жүзеге асырылады;

- ❖ **Қалпына келтіру-жөндеу жұмыстары**, оған дәнекерлеу, сырлау, ғимараттар, іргетастар, жолақтар, алаңдар және т.б. нысандарды жұмыс күйінде ұстауға бағытталған жөндеу жұмыстары кіреді.
- ❖ Сонымен қатар, 2027-2028 жылдары КС-7 ғимараттары мен құрылыстарының отқа төзімді қабатын қалпына келтіру бойынша жөндеу жұмыстары жоспарланған. Бұл жұмыстарға ескі отқа төзімді жабындыны құммен үрлеу әдісімен алып тастау, қайта сырлау және отқа төзімді қабатын қалпына келтіру кіреді.
- ❖ **Қызметкерлердің тіршілік әрекеті нәтижесінде.**

**Компрессорлық станцияда (КС-7) технологиялық және қосалқы жабдықтарды пайдалану мен қызмет көрсету барысында түзілетін негізгі қалдықтарға мыналар жатады:** пайдаланылған майлар, пайдаланылған май сүзгілері, майлар мен ластаушы заттардың қалдықтары бар бос ыдыстар, пайдаланылған аккумуляторлар, газконденсат, антифриз сұйықтығы, бояу және лак қалдықтары, пайдаланылған ауа сүзгілері, пайдаланылған газ сүзгілері, шлам, лай қалдықтары, пайдаланылған абсорбент, металл сынықтары, пайдаланылған электр және электрондық жабдықтар, қатты тұрмыстық қалдықтар, тамақ қалдықтары, пластмасса қалдықтары, сұйық қалдық лай тағы басқалары.

**Қалпына келтіру-жөндеу жұмыстары барысында түзілетін негізгі қалдықтарға мыналар жатады:** құрылыс қалдықтары, бояу және лак қалдықтары т.б.

**Қызметкерлердің тіршілік әрекеті нәтижесінде пайда болатын негізгі қалдықтар:**

- **Қатты тұрмыстық қалдықтар (ҚТҚ):** тағам орамдары, бір реттік ыдыстар, майлықтар, пластикалық бөтелкелер, қағаз және т.б.;
- **Тамақ қалдықтары:** тағамның қалдықтары, мерзімі өткен азық-түлік
- **Жеке қорғаныс құралдарының (ЖҚҚ) қалдықтары:** мысалы, бір реттік маскалар, қолғаптар, арнайы киімдер;
- **Медициналық қалдықтар**
- **Қағаз қалдықтары**

Сонымен қатар, тұрғын үй блоктардан келесі қалдық түрлері пайда болуы мүмкін:

➤ **Электрондық жабдықтар** – пайдалануға жарамсыз телевизорлар, компьютерлер, микротолқынды пештер, тоңазытқыштар және басқа да тұрмыстық техника.

➤ **Мата және тоқыма бұйымдары** – тозған төсек-орын жабдықтары, перделер, сүлгілер және т.б.

➤ **Пайдалануға жарамсыз санитарлық-техникалық бұйымдар** – душ кабиналары, жуынатын раковиналар, су ағызатын бактар, унитаздар, су араластырғыш қрандар және т.б.

➤ **Пайдалануға жарамсыз әртүрлі материалдардан жасалған жиһаздар** – кереуеттер, шкафтар, үстелдер, тумбочкалар, орындықтар, креслолар және басқа да жиһаз түрлері.

➤

### Қалдықтарды жинақтау лимиттері:

Қалдықтың атауы	Қалдықтарды жинақтау лимиттері, т/жыл	
	2026	2027
<b>Қалдықтардың жалпы көлемі:</b>	<b>288,289</b>	<b>1112,226</b>
соның ішінде өндірістік қалдықтар:	223,518	1041,254
тұтыну қалдықтары:	64,771	70,972
<b>Қауіпті қалдықтар:</b>	<b>133,386</b>	<b>145,109</b>
<b>Қауіпсіз қалдықтар:</b>	<b>154,903</b>	<b>967,117</b>

### Компрессорлық станцияда түзілетін қауіпті және қауіпсіз қалдықтар тізімі

№ п/п	Қалдықтың атауы
<b>Қауіпті қалдықтар:</b>	
1	Құрамында сынап бар жарамсыз шамдар
2	<b>Пайдаланылған аккумуляторлар</b>
3	Құрғақ элементтердегі пайдаланылған батареялар
4	<b>Майдан және ластаушы заттар қалдықтарынан босаған ыдыс</b>
5	<b>Газоконденсат</b>
6	<b>Пайдаланылған майлар</b>
7	Пайдаланылған май сүзгілері (фильтірлер)
8	<b>Пайдаланылған антифриз</b>
9	Бояулар мен лактардың қалдықтары
10	<b>Майланған шүберек</b>
11	<b>Пайдаланылған ауа сүзгілері (фильтірлер)</b>
12	Пайдаланылған газ сүзгілері (фильтірлер)
13	<b>Пайдаланылған жуу сұйықтығы</b>
14	<b>Сулы-майлы қоспа</b>
15	Сыйымдылық жабдығын тазалау шламы
16	Майланған тұнба
17	Медициналық қалдықтар
<b>Қауіпсіз қалдықтар</b>	
18	Оқшаулау материалының қалдықтары
19	Пайдаланылған автомобиль шиналары
20	Резеңке тығыздағыштардың (РТИ) қалдықтары
21	Пайдаланылған от алдыру шамдары
22	Дәнекерлеу электродтарының тұтаңдырғыштары
23	Пайдаланылған тегістеу және кесу дөңгелектері
24	<b>Қалдық лай</b>
25	Тозған арнайы киім және жеке қорғану құралдары (ЖҚҚ)
26	<b>Құрылыс қалдықтары</b>
27	<b>Қатты тұрмыстық қалдықтар (ҚТҚ)</b>
28	<b>Тамақ қалдықтары</b>
29	Қағаз, картон қалдықтары
30	<b>Пластмасса қалдықтары</b>
31	Сынған әйнектер
32	Пайдаланылған абсорбент
33	Ағаш қалдықтары
34	<b>Металл сынығы (Металлолом)</b>

35	Металл жоңқалары
36	Пайдаланылған электр және электрондық жабдық
<b>37</b>	<b>Сұйық қалдық лай</b>
<b>38</b>	<b>Механикалық өңдеуден шыққан құм (құм ағызып өңдеу)</b>
39	Пайдаланылған су тазарту сүзгілері
40	Бастапқы сүзгілеудің қатты қалдықтары (пайдаланылған құм)
41	Суды тазалағаннан кейін пайдаланылған активтендірілген көмір

Компрессорлық станцияда және вахталық қалашықта түзілетін қалдық түрлері үшін келесі технологиялық цикл кезеңдері белгіленген:

- ❖ қалдықтарды белгіленген орындарда жинақтау;
- ❖ қалдықтарды жинау орнында сәйкестендіру (идентификациялау);
- ❖ қалдықтарды түрлері бойынша сұрыптау;
- ❖ қалдықтарға паспорт беру (паспортизациялау);
- ❖ қалдықтарды буып-түю (қаптау) және сақтау;
- ❖ қалдықтарды тасымалдау және қоймалау;
- ❖ қалдықтарды сақтау;
- ❖ қалдықтарды жою.

#### **Қалдықтарды жинақтау.**

КС-7 нысанында қалдықтарды уақытша жинақтау орны ҚР Экологиялық кодексінің 320-бабына, сондай-ақ экологиялық және санитарлық заңнама талаптарына сәйкес ұйымдастырылған.

Жинақтау алаңдары белгіленген талаптарға сәйкес келеді: қалдықтарды жинақтау мерзімі 6 айдан аспайды және бұл мерзім ішінде қалдықтар арнайы лицензияланған кәсіпорындарға қалпына келтіру немесе жою үшін өткізіледі.

Өндірістік қалдықтарды, сонымен қатар, қатты тұрмыстық қалдықтарды сақтайтын алаңдар қоршаумен және қатты жабынмен жабдықталған. Төмендегі суреттерде қалдықтарды уақытша жинақтау алаңдарының орналасуы көрсетілген.

#### **Қалдықтарды сәйкестендіру**

Қалдықтарды сәйкестендіру Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 6 тамыздағы № 314 бұйрығымен бекітілген Қалдықтар классификаторына сәйкес енгізілген. Әрбір қалдық түріне алты таңбалы код тағайындалады және оның санаты анықталады.

#### **Қалдықтарды түрлері бойынша сұрыптау**

Қалдықтарды сәйкестендіру нәтижелеріне сәйкес ҚР Экологиялық кодексінің 321-бабы 3-тармағына сәйкес бөлек жинақтау жүзеге асырылады.

КС-7 нысанында қалдықтарды түрлері мен топтары бойынша міндетті түрде бөлек жинау техникалық, экономикалық және экологиялық талаптарды ескере отырып ұйымдастырылады.

#### **Қалдықтарға паспорт беру (паспортизация)**

ҚР Экологиялық кодексінің 343-бабына сәйкес қауіпті қалдықтарға паспорттар әзірленген.

Әрбір паспорт қалдықтарды қайта өңдеуге өткізген кезде мамандандырылған ұйымның қызметкеріне беріледі, бұл заңнама талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді.

Жаңа қауіпті қалдық түрлері пайда болған сайын оларға тиісті паспорттар әзірленетін болады.

### **Қалдықтарды тасымалдау және қоймалау**

Қалдықтарды тасымалдау мердігер ұйымдардың арнайы көліктерімен жүзеге асырылады, бұл қалдықтардың қоршаған ортаға түсуін болдырмау талаптарын қамтамасыз етеді.

Қалдықтарды уақытша жинау арнайы бекітілген орындарда (аландар, қоймалар, контейнерлер) заңнама талаптарына сәйкес жүргізіледі.

### **Қалдықтарды сақтау**

КС-7 аумағында қалдықтарды тұрақты және ұзақ мерзімді сақтау жүргізілмейді. Барлық қалдықтар уақытша жинау орындарында орналастырылады және қалдықтар пайда болғаннан кейін алты ай ішінде қалпына келтіру немесе жою мақсатында мамандандырылған кәсіпорындарға беріледі. Бұл ҚР Экологиялық кодексінің 320-бабына сәйкес жүзеге асырылады. Әр түрлі қауіпті қалдықтарды араластыруға, сондай-ақ қауіпті және қауіпсіз қалдықтарды араластырмауға қойылатын талаптар сақталады.

### **Қалдықтарды жою**

Қалдықтарды жою ҚР Экологиялық кодексінің 325-бабына сәйкес енгізілген және мамандандырылған ұйымдар тарапынан жүзеге асырылады.

КС-7 балансында қалдықтарды көмуге арналған полигондар және жою қондырғылары жоқ. Барлық қалдықтар келісім-шарт негізінде залалсыздандыруға, көмуге, қайта пайдалану немесе кәдеге жаратуға беріледі.

ҚР Экологиялық кодексінің 336-бабына сәйкес: қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату және (немесе) жою қызметін жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері тиісті қызмет түрі бойынша қоршаған ортаны қорғау саласында жұмыстарды орындау және қызмет көрсету лицензиясына ие болуы міндетті.

### **Қорытынды**

«Азиалық Газқұбыры» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің №7-ші компрессорлық станциясының орналасқан жері мен ластану деңгейіне байланысты қоршаған ортаға әсері шамалы деп санауға болады.

***Назарларыңызға рахмет!***

# **«Қазақстан - Қытай» Магистралды газқұбырының «Шелек» №7-ші Компрессорлық станциясына арналған "Қалдықтарды басқару бағдарламасы"**

*Тапсырыс беруші: «Азиялық Газқұбыры» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі*

*Орындаушы: «ЭКОСЕРВИС-С» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі*

## КІРІСПЕ

«ЭКОСЕРВИС-С» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Алматы облысындағы «Азиялық Газқұбыры» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Шелек» №7-ші компрессорлық станциясына (КС-7) арналған «Қалдықтарды басқару бағдарламасын» әзірледі.

Компрессорлық станциясының (бұдан әрі – КС-7) II санаттағы нысан ретінде Қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ) Қазақстан Республикасының қолданыстағы экологиялық заңнамасының талаптарына және өндірістік және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу саласындағы ҚР нормативтік құқықтық актілерінің негізінде әзірленді. Компрессорлық станцияның қазіргі кезде Қалдықтарды басқару бағдарламасына жасалған қолданыстағы бағдарламасы бар, сол бағдарламаға өзгертулер енгізіліп отыр, сол себепті жоба қайта әзірленіп, қайтадан мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткелі отыр. Осыған байланысты Экологиялық Кодекстің 96-бабына және Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес Мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыру процесінде қоғамдық тыңдауларды өткізу міндетті болып табылады.

## Жалпы мәліметтер

«Қазақстан - Қытай» магистралды газқұбырымен түрікмен және өзбек газының Қытай Халық Республикасы бағытында транзитін қамтамасыз етеді және қазақ газын Қытай Халық Республикасына экспортын жүзеге асырады. Сонымен қатар магистральды газқұбыры еліміздің оңтүстік аймақтарын (Түркістан, Жамбыл, Алматы және Жетысу облыстарын) газбен қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының (ҚР) аумағындағы газқұбырының ұзындығы 1300 шақырымнан астам. Түркменстан, Өзбекстан, Қазақстан және Қытай арқылы өтетін магистральды газқұбырының ұзындығы 7500 шақырымды құрайды. Газқұбыры республиканың төрт әкімшілік облыстары арқылы өтеді:

- ❖ Түркістан облысы - 394,5 км (шақырым) (0-394,5);
- ❖ Жамбыл облысы - 476,1 км (394,5-870,6);
- ❖ Алматы облысы - 368,53 км (870,6-1239,13);
- ❖ Жетысу облысы - 66,71 км (1239,13-1305,84).




Магистральды газқұбыры паралельді жатқан 3 желіден тұрады, олар - А, В, С, желілері.

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша газқұбырының ұзындығы “А” және “В” желілері үшін 2 612 км, “С” желісі үшін 1 304 км құрайды.

Газқұбырының газды тасмалдау қабілеті жылына 55 млрд текше метрді (оның ішінде А және В желілері - 30 млрд м3, С желісі- 25 млрд м3) құрайды.

«Қазақстан–Қытай» магистральдық газқұбыры арқылы табиғи газды тасымалдау көлемі, жылына:

Жыл	Өлшем бірліктері	Газды тасымалдау
<b>2022-2024 жылдардағы тасымалданған газдың нақты көлемі</b>		
<b>2022</b>	мың текше м.	45 934 555,45
<b>2023</b>	мың текше м.	43 975 320,67
<b>2024</b>	мың текше м.	45 007 101,73
<b>2025-2027 жылдарға арналған тасмалданатын газдың жоспарланған көлемі</b>		
<b>2025-2027</b>	мың текше м.	45 007 101,73



Магистральдық газқұбыры паралельді жатқан 3 желіден тұрады, олар - А, В, С, желілері.

№7-ші Компрессорлық станциясының негізгі мақсаты - газ құбыры арқылы тасымалданатын газдың қысымын арттыру (сығымдау) және тасымалданатын газды механикалық қоспалардан, шаңнан және ылғалдан тазарту.

### **Компрессорлық станцияның орналасқан жері**

Қазақстан-Қытай магистральды газқұбырының №7-ші компрессорлық станциясы (қысқаша КС-7) газқұбырының 1108 шақырымында орналасқан.

Әкімшілік жағынан №7-ші компрессорлық станция Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында Шелек ауылынан шығысқа қарай шамамен 3 шақырымда және Масақ (Қазтай Ұлтарақов) ауылынан солтүстікке қарай 1 шақырым жерде орналасқан.

## Нысанның қысқаша сипаттамасы



## **№ 7-ші Компрессорлық станция 2 алаңнан тұрады:**

- *№1 өнеркәсіп алаңында: Өндірістік нысан болып табылатын компрессорлық станция орналасқан.*
- *№ 2 өнеркәсіп алаңында – Газ тасмалдау басқармасы және құрамына буландырғыш тоғандар, тұрмыстық ағынды суларды тазарту құрылғылары кіретін жұмысшылар тұратын вахталық қалашық орналасқан.*



➤ **№1 өнеркәсіп алаңы: Компрессорлық станция**



➤ **№2 алаң: Газ тасмалдау басқармасы және Вахталық қалашық**

## № 1 өнеркәсіп алаңы - Компрессорлық станцияның қысқаша сипаттамасы

Газды сығымдау «Rolls-Royce» фирмасы өндірісінің қуаты 29,53 МВт-ық газ айдау агрегаттарының компрессорларында жүзеге асырылады.

Газды айдау агрегаттары жеке ғимараттарда орнатылған, сондай-ақ оның жұмыс істеуін қамтамасыз ететін мынадай жүйелерді, қондырғылар мен құрылыстарды қамтиды:

- Магистральды газ құбырына қосылу түйіні;
- газды тазарту қондырғысы (сүзгілер-сепараторлар-6 дана, 1 – резервте);
- газды ауамен салқындату қондырғылары - 6 секция;
- майды ауамен салқындату қондырғылары (АСА майы)
- өз қажеттіліктері үшін қолданылатын газды дайындау торабы (газды отын ретінде пайдаланылатын қондырғылар: электр станциясының газ генераторлары (ЭСН), жылумен және ыстық сумен қамтамасыз ететін қазандықтар).
- өндірістік-энергетикалық блок (№1-3 ГПЭС);
- қосалқы қондырғылар мен құрылыстар (әкімшілік-тұрмыстық корпус операторлық, ресивері бар ауа компрессорлық станциясы, газды өрт сөндіру станциясы, өрт сорғы станциясы, кәдеге жарату қазандықтары-2, өрт резервуары және қойма үй-жайы және т.б.).

## Технологиялық процесстердің қысқаша сипаттамасы

**Газды тазарту қондырғысы.** Газ станцияға қосылу торабы арқылы газ құбырымен келеді және одан әрі тасмалдау газ құбырлары арқылы тазалау блогына беріледі. Компрессорлық станцияда газды бір сатылы тазалау қарастырылған. Табиғи газды механикалық қоспалардан, шаңнан және ылғалдан тазарту сүзгі-сеператорларда жүзеге асырылады.

Блоктар келіп түсетін газдың параметрлерін, қысымды, температураны және сұйықтық деңгейін бақылауға мүмкіндік беретін бақылау-өлшеу аспаптарымен жабдықталған.



### ***Газ айдау агрегаттары.***

Газ тазалау торабынан шыққан тазартылған газ газқұбыры арқылы әрқайсысының қуаты 29,53 Мегаваттан тұратын «Rolls-Royce» фирмасының 4 газды сығымдау агрегаттарына (ГСА) беріледі. Газ сығымдау агрегаттары жеке ғимараттарда – компрессорлық цехтарда орналасқан.

Компрессорларда қысымы арттырылған тасмалданатын газ газқұбыры арқылы газды ауамен салқындату аппараттарына (газды АСА) беріледі.



**Газды ауамен салқындату қондырғысы.** Газды салқындату қондырғысы газды сығымдау қондырғысынан шыққан газдың температурасын төмендету үшін қолданылады.

Компрессорлық цехтарда қысымы 9,8МПа, температурасы 60 °С дейін көтерілген тасмалданатын газ шығу коллекторлары арқылы келіп, қабылдау коллекторлары арқылы ауамен салқындату қондырғысына беріледі. Ауамен салқындату қондырғысы 6 секциядан тұрады. Салқындатылған газ ары қарай қайтадан магистральды газқұбырына жіберіледі.



## №2 алаң- Газды тасмалдау басқармасы және Вахталық қалашық

**Газды тасмалдау басқармасы және вахталық қалашық** компрессорлық станциядан (КС-7) 800 м қашықтықта орналасқан.

**Газды тасмалдау басқармасы** аумағында: әкімшілік тұрмыстық құрылыс, материалдық қойма, механикалық жөндеу шеберханасы, автожанармай құю станциясы, автокөлік жуу алаңы, автокөлікке арналған гараж, арнайы техника мен жеңіл автокөлікке арналған ашық тұрақтар орналасқан.

**Вахталық қалашықтың аумағында:** әкімшілік-тұрмыстық корпус, тұрғын үй блоктары, жылу пункті, асхана, 2 автокөлікке арналған өрт сөндіру депосы, сумен жабдықтау сорғы станциясы, су дайындау жүйесі, тұрмыстық сарқынды суларды тазарту құрылыстары, су ұңғымалары орналасқан. Вахталық қалашықтың солтүстігінде 2 тоғаннан тұратын буландырғыш тоғандар және тұрмыстық сарқынды суларды тазарту қондырғылары орналасқан.

## ҚАТТЫ-ТҰРМЫСТЫҚ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ҚАЛДЫҚТАР

Компрессорлық станцияның өндірістік қызметінің нәтижесінде қатты-тұрмыстық және өндірістік қалдықтар түзіледі.

**Өндірістік және тұтыну қалдықтарының негізгі түзілу көздері келесі жұмыс түрлері болып табылады:**

- ❖ **Негізгі және қосалқы технологиялық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету** (газды сығымдау агрегаттары, газ және дизель электр станциялары, компрессорлық, тазарту қондырғылары және т.б.), бұл жұмыстар барысында техникалық майларды, салқындатқыш сұйықтықтарды, сүзгі элементтерін, қуат көздерін және басқа да шығын материалдарын ауыстыру жүзеге асырылады;
- ❖ **Қалпына келтіру-жөндеу жұмыстары**, оған дәнекерлеу, сырлау, ғимараттар, іргетастар, жолақтар, алаңдар және т.б. нысандарды жұмыс күйінде ұстауға бағытталған жөндеу жұмыстары кіреді.

- ❖ Сонымен қатар, 2027-2028 жылдары КС-7 ғимараттары мен құрылыстарының отқа төзімді қабатын қалпына келтіру бойынша жөндеу жұмыстары жоспарланған. Бұл жұмыстарға ескі отқа төзімді жабындыны құммен үрлеу әдісімен алып тастау, қайта сырлау және отқа төзімді қабатын қалпына келтіру кіреді.
- ❖ **Қызметкерлердің тіршілік әрекеті нәтижесінде.**

**Компрессорлық станцияда (КС-7) технологиялық және қосалқы жабдықтарды пайдалану мен қызмет көрсету барысында түзілетін негізгі қалдықтарға мыналар жатады:** пайдаланылған майлар, пайдаланылған май сүзгілері, майлар мен ластаушы заттардың қалдықтары бар бос ыдыстар, пайдаланылған аккумуляторлар, газконденсат, антифриз сұйықтығы, бояу және лак қалдықтары, пайдаланылған ауа сүзгілері, пайдаланылған газ сүзгілері, шлам, лай қалдықтары, пайдаланылған абсорбент, металл сынықтары, пайдаланылған электр және электрондық жабдықтар, қатты тұрмыстық қалдықтар, тамақ қалдықтары, пластмасса қалдықтары, сұйық қалдық лай тағы басқалары.

**Қызметкерлердің тіршілік әрекеті нәтижесінде пайда болатын негізгі қалдықтар:** қатты тұрмыстық қалдықтар (ҚТҚ), тамақ қалдықтары, жеке қорғаныс құралдарының (ЖҚҚ) қалдықтары, медициналық қалдықтар, қағаз қалдықтары және тағы басқалары.

Сонымен қатар, **тұрғын үй блоктардан** келесі қалдық түрлері пайда болуы мүмкін:

- **Электрондық жабдықтар** – пайдалануға жарамсыз телевизорлар, компьютерлер, микротолқынды пештер, тоңазытқыштар және басқа да тұрмыстық техника.
- **Мата және тоқыма бұйымдары** – тозған төсек-орын жабдықтары, перделер, сүлгілер және т.б.
- **Пайдалануға жарамсыз санитарлық-техникалық бұйымдар** – душ кабиналары, жуынатын раковиналар, су ағызатын бактар, унитаздар, су араластырғыш крандар және т.б.
- **Пайдалануға жарамсыз әртүрлі материалдардан жасалған жиһаздар** – кереуеттер, шкафтар, үстелдер, тумбочкалар, орындықтар, креслолар және басқа да жиһаз түрлері.

## Қалдықтарды жинақтау лимиттері

Атауы	Қалдықтарды жинақтау лимиттері, т/жыл	
	2026	2027
<b>Қалдықтардың жалпы көлемі:</b>	<b>288,289</b>	<b>1112,226</b>
соның ішінде өндірістік қалдықтар:	223,518	1041,254
тұтыну қалдықтары:	64,771	70,972
<b>Қауіпті қалдықтар:</b>	<b>133,386</b>	<b>145,109</b>
<b>Қауіпсіз қалдықтар</b>	<b>154,903</b>	<b>967,117</b>

## Компрессорлық станцияда түзілетін қауіпті және қауіпсіз қалдықтар тізімі

№ п/п	Қалдықтың атауы				
	Қауіпті қалдықтар		Қауіпсіз қалдықтар		
1	Құрамында сынап бар жарамсыз шамдар	1	Оқшаулау материалының қалдықтары	18	Металл жоңқалары
2	Пайдаланылған аккумуляторлар	2	Пайдаланылған автомобиль шиналары	19	Пайдаланылған электр және электрондық жабдық
3	Құрғақ элементтердегі пайдаланылған батарейкалар	3	Резеңке тығыздағыштардың (РТИ) қалдықтары	20	Сұйық қалдық лай
4	Майдан және ластаушы заттар қалдықтарынан босаған ыдыс	4	Пайдаланылған от алдыру шамдары	21	Механикалық өңдеуден шыққан құм (құм ағызып өңдеу)
5	Газоконденсат	5	Дәнекерлеу электродтарының тұтандырғыштары	22	Пайдаланылған су тазарту сүзгілері
6	Пайдаланылған майлар	6	Пайдаланылған тегістеу және кесу дөңгелектері	23	Бастапқы сүзгілеудің қатты қалдықтары (пайдаланылған құм)
7	Пайдаланылған май сүзгілері (фильтірлер)	7	Қалдық лай	24	Суды тазалағаннан кейін пайдаланылған активтендірілген көмір
8	Пайдаланылған антифриз	8	Тозған арнайы киім және жеке қорғану құралдары		
9	Бояулар мен лактардың қалдықтары	9	Құрылыс қалдықтары		
10	Майланған шүберек	10	Қатты тұрмыстық қалдықтар (ҚТҚ)		
11	Пайдаланылған ауа сүзгілері (фильтірлер)	11	Тамақ қалдықтары		
12	Пайдаланылған газ сүзгілері (фильтірлер)	12	Қағаз, картон қалдықтары		
13	Пайдаланылған жуу сұйықтығы	13	Пластмасса қалдықтары		
14	Сулы-майлы қоспа	14	Сынған әйнектер		
15	Сыйымдылық жабдығын тазалау шламы	15	Пайдаланылған абсорбент		
16	Майланған тұнба	16	Ағаш қалдықтары		
17	Медициналық қалдықтар	17	Металл сынығы (Металлолом)		

Компрессорлық станцияда, газ тасмалдау басқармасында және вахталық қалашықта түзілетін қалдық түрлері үшін келесі технологиялық цикл кезеңдері белгіленген:

- ❖ қалдықтарды белгіленген орындарда жинақтау;
- ❖ қалдықтарды жинау орнында сәйкестендіру (идентификациялау);
- ❖ қалдықтарды түрлері бойынша сұрыптау;
- ❖ қалдықтарға паспорт беру (паспортизациялау);
- ❖ қалдықтарды буып-түю (қаптау) және сақтау;
- ❖ қалдықтарды тасымалдау және қоймалау;
- ❖ қалдықтарды сақтау;
- ❖ қалдықтарды жою.

## Қалдықтарды жинақтау.

КС-7 нысанында қалдықтарды уақытша жинақтау орны ҚР Экологиялық кодексінің 320-бабына, сондай-ақ экологиялық және санитарлық заңнама талаптарына сәйкес ұйымдастырылған.

Жинақтау алаңдары белгіленген талаптарға сәйкес келеді: қалдықтарды жинақтау мерзімі 6 айдан аспайды және бұл мерзім ішінде қалдықтар арнайы лицензияланған кәсіпорындарға қалпына келтіру немесе жою үшін өткізіледі.

Өндірістік қалдықтарды, сонымен қатар, қатты тұрмыстық қалдықтарды сақтайтын алаңдар қоршаумен және қатты жабынмен жабдықталған.

Төмендегі суреттерде қалдықтарды уақытша жинақтау алаңдарының орналасуы көрсетілген.



**Компрессорлық станцияның тұрмыстық қатты қалдықтарды және өндірістік қатты қалдықтарды уақытша сақтауға арналған алаңы**



- **Вахталық қалашықтың тұрмыстық қатты қалдықтарын уақытша сақтауға арналған алаңы**



- Газ тасмалдау басқармасының тұрмыстық қатты қалдықтарын уақытша сақтауға арналған алаңы

## **Қалдықтарды сәйкестендіру**

Қалдықтарды сәйкестендіру Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 6 тамыздағы № 314 бұйрығымен бекітілген Қалдықтар классификаторына сәйкес енгізілген. Әрбір қалдық түріне алты таңбалы код тағайындалады және оның санаты анықталады.

## **Қалдықтарды түрлері бойынша сұрыптау**

Қалдықтарды сәйкестендіру нәтижелеріне сәйкес ҚР Экологиялық кодексінің 321-бабы 3-тармағына сәйкес бөлек жинақтау жүзеге асырылады.

КС-7 нысанында қалдықтарды түрлері мен топтары бойынша міндетті түрде бөлек жинау техникалық, экономикалық және экологиялық талаптарды ескере отырып ұйымдастырылады.

## **Қалдықтарға паспорт беру (паспортизация)**

ҚР Экологиялық кодексінің 343-бабына сәйкес қауіпті қалдықтарға паспорттар әзірленген.

Әрбір паспорт қалдықтарды қайта өңдеуге өткізген кезде мамандандырылған ұйымның қызметкеріне беріледі, бұл заңнама талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді.

Жаңа қауіпті қалдық түрлері пайда болған сайын оларға тиісті паспорттар әзірленетін болады.

## **Қалдықтарды тасымалдау және қоймалау**

Қалдықтарды тасымалдау мердігер ұйымдардың арнайы көліктерімен жүзеге асырылады, бұл қалдықтардың қоршаған ортаға түсуін болдырмау талаптарын қамтамасыз етеді.

Қалдықтарды уақытша жинау арнайы бекітілген орындарда (алаңдар, қоймалар, контейнерлер) заңнама талаптарына сәйкес жүргізіледі.

## **Қалдықтарды сақтау**

КС-7 аумағында қалдықтарды тұрақты және ұзақ мерзімді сақтау жүргізілмейді. Барлық қалдықтар уақытша жинау орындарында орналастырылады және қалдықтар пайда болғаннан кейін алты ай ішінде қалпына келтіру немесе жою мақсатында мамандандырылған кәсіпорындарға беріледі. Бұл ҚР Экологиялық кодексінің 320-бабына сәйкес жүзеге асырылады. Әр түрлі қауіпті қалдықтарды араластыруға, сондай-ақ қауіпті және қауіпсіз қалдықтарды араластырмауға қойылатын талаптар сақталады.

## Қалдықтарды жою

Қалдықтарды жою ҚР Экологиялық кодексінің 325-бабына сәйкес енгізілген және мамандандырылған ұйымдар тарапынан жүзеге асырылады.

КС-7 балансында қалдықтарды көмуге арналған полигондар және жою қондырғылары жоқ. Барлық қалдықтар келісім-шарт негізінде залалсыздандыруға, көмуге, қайта пайдалану немесе кәдеге жаратуға беріледі.

ҚР Экологиялық кодексінің 336-бабына сәйкес: қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату және (немесе) жою қызметін жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері тиісті қызмет түрі бойынша қоршаған ортаны қорғау саласында жұмыстарды орындау және қызмет көрсету лицензиясына ие болуы міндетті.

## Қорытынды

«Азиалық Газқұбыры» ЖШС 7-ші компрессорлық станциясының орналасқан жері мен ластану деңгейіне байланысты қоршаған ортаға әсері шамалы деп санауға болады.

A solid red arrow pointing to the right, located in the top left corner of the slide.

*Назарларыңызға рахмет!*